

Құрылыста
ауытқуға жол жоқ



Білім капиталының
іргесі берік



Ұядан ұшқандар



2-бет

3-бет

8-бет

Құрметті ішкі істер
органдарының
қызметкерлері,
ардагерлер!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз
Полиция күнімен құттықтаймыз!
Ішкі істер органдарындағы
қызмет бұл жай ғана жұмыс емес,
бұл күнделікті тәуекелге бел буып,
қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздік-
ті қамтамасыз ету жолында
қажыр-қайрат танытып, елге
адал қызмет ету деген сөз. Күн
сайын сіздер азаматтарымыздың
құқықтары мен тыныштығын
қорғап, қоғамдағы тұрақтылық
қамтамасыз етесіздер.

Осы орайда құқық қорғау са-
ласында ұзақ жылдар бойы адал
еңбек етіп, саланың дамуына зор
үлес қосқан ардагерлер қауымы-
на алғысымыз ерекше. Сіздер
жұмыстарыңызды абыроймен
атқарып, жас қызметкерлердің
бірнеше буынын тәрбиелеп, баға
жетпес тәжірибе, ант пен қы-
зметтік борышқа адалдықта-
рыңызды көрсеттіңіздер. Дәстүр
сабақтастығы – бұл қазақстан-
дық полицияның негізі.

Бүгін біз осынау аса жауапты
қызметті таңдаған әр азаматқа
шынайы ризашылығымызды біл-
діреміз. Сіздерге және жақын-
дарыңызға зор денсаулық, аман-
дық, кәсіби табыс және жаңа
жетістіктер тілейміз!

Мереке құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы

• ФЕСТИВАЛЬ

Балқаштың бағын ашатын бренд

Көкжиекпен тілдескен көлін
мақтан тұтып, маркатын Балқаш
қаласында үшінші рет Balkhash
Tour Fest-2025 фестивалі желкенін
керді. Екі күнге жалғасатын фести-
вальдің ел ішінде де, сыртында
да жылдан-жылға танымалдығы
артып, мәні мен маңызы тереңдеп
келеді. Сондықтан да, фестивальге
ұйытқы болғандар мұны бұрынғы-
дан да ауқымды етуді мақсат тұтып
отыр. Ақшағыл аумағындағы жаға-
лауға келушілер биыл бұрын-соңды
бастан кешпеген керемет жайларға
күз болмақ. Екі күнде Көкше көл-
дің ғажабы мен жағажайындағы
жан жадыратар іс-шаралар талайға
дейін тамсандырар туристік турға
айналады. Мәселен, бытыр Ақ-
шағылды 30 мыңнан астам адам
бетке алып, фестивалдің бел орта-
сында болса, биыл одан да көп. Қа-
зақстанның барлық аймағынан 50
мыңға жуық адам келіпті.



Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық жастар саясаты мәселелері
жөніндегі басқарма басшысы Айсүлу
Ерниязова мен «Ассамблея жастары»
республикалық қоғамдық бірлестігінің
төрағасы Тимур Жұмырбаев келушілерді
құттықтап, туризмнің туын көтеріп
жүрген Балқаш брендіне тоқталды.
Келушілерге жайдары демалыс тіледі.
Фестиваль Қарағанды облысы әкімді-
гінің бастамасымен биыл үшінші мәрте
ұйымдастырылғанын атаған жөн.

– Біз осында үшінші жыл қатарынан
фестиваль өткізіп келеміз. Орналаусы
да ыңғайлы, қала сыртында. Жыл сайын
кәсіпкерлерді қолдау артып келеді. Егер
өткен жылы 25 сауда нүктесі болса, биыл
90-ға жетті. Фестиваль қарқын алып,
бағдарлама толығып, қызықты бола түс-
уде. Бұл туризмді ілгерілетуге ықпал етеді,
– дейді Балқаш әкімі Сапар Сатаев.

Инфотурдың басты мақсаты – өңірдің
туристік әлеуетін ілгерілету және фести-

вальдің танымалдылығын арттыру. Бұл
туралы кәсіпкерлік басқармасының бас-
шысы Ирина Любарская атап өтті. Ол
қатысушыларды Қазақстандағы алғашқы
«QAZ ELI» онлайн брондау жүйесімен
таныстырды. «QAZ ELI» туристік қыз-
меттерді брондаудың мақсаты – өңірдің
онлайн-жүйесі. Бұл платформа қонақ үй,

пәтер, демалыс орындары, пансионат,
экскурсия және көлік қызметтерін онлайн
түрде брондауға мүмкіндік береді. Ақпа-
раттық турлар мен аймақтың туристік
әлеуетін таныстыратын арнайы танысты-
рылымдар да жоспарға енгізілген.

► 8-бет

• 23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ

Меритократия және мемлекеттік қызмет



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент Қасым-Жомарт Тока-
ев «Egeмен Qazaqstan» газетіне берген
сұхбатында «Жастардың лайықты білім
алуына, алаңсыз жұмыс істеуіне теңдей
мүмкіндік берілуі қажет. Ауыл мен қа-
ладағы жас азамат үшін де, лауазымды,
ауқатты немесе қарапайым шаруа отбасы-
ның баласы үшін де әлеуметтік лифтің
есігі кедергісіз ашық болуы керек. Айна-
лып келгенде, әлеуметтік теңдік дегеніміз
– осы. Біз осыған қол жеткізуге тиіспіз.
Мемлекеттік қызметке тағайындау бары-
сында меритократия принципін ұстанған
жөн. Азаматтарды тек біліміне, қабілеті-
не қарай тағайындау талабы қағаз бетінде
қалмай, іс жүзінде орындалуы қажет» деп
атаған. Бүгінде осы қағида аясындағы жұ-
мыстар басталып кетті. Өңірлерде жас ма-
мандарға қолдау көбейді. Меритократия
қағидаты негізінде жастардың қызметте
ілгерілеуіне жағдай жасалуда.

Кейінгі жылдары мемлекеттік қыз-
метшілердің орташа жасы 39-40 жас



Коллаж жасаған Шынар Адыбаева

аралығында. Бұл ретте мемлекеттік қыз-
меттегі жастар үлесінің төмендеуі үрдісі
байқалды. «Қазақстан Республикасын-
дағы мемлекеттік қызметтің жағдайы ту-
ралы» Ұлттық баяндамаға сүйенсек, 2018
жылы жастар үлесі – 24,6 пайыз, 2019
жылы – 23 пайыз, 2020 жылы – 21,6 пай-
ыз, 2021 жылы – 18,1 пайыз, 2022 жылы

17,8 пайыз болған. Осыны ескерген Мем-
лекеттік қызмет істері агенттігі кейінгі
кезде жас мамандарды мемлекеттік қыз-
метке тарту мақсатында өңірдегі депар-
таменттерде «Жас мемлекеттік қызмет-
шілер мектептері» ашты.

Бұған дейін Президенттік жастар
кадр резервіне іріктеу үш рет өтті. Атап

айтқанда, 2019, 2021 және 2023 жылдар-
дағы іріктеулерге 60 мыңнан астам азамат
қызығушылық танытқан. Олардың нәти-
желері бойынша резервке 400 адам қа-
былданды. Нақтыласак, 2019 жылы – 300
адам, 2021 жылы – 50 адам, 2023 жылы 50
адам қабылданды.

Бүгінде резервке алынған 400 адам-

ның 318-і мемлекеттік органдар мен өзге
де ұйымдарда жұмыс істеуде. Бұл олар-
дың жалпы санының 80%-ы жұмысқа ор-
наласты деген сөз.

Биылғы 1 маусым және 25 қазан ара-
лығында Президенттік жастар кадрлық
резервіне кезекті төртінші іріктеуді өткізу
жоспарланған.

Мемлекеттік қызмет істері Агентті-
гінің Қарағанды облысы бойынша депар-
таменті ұсынған мәліметке сүйенсек,
кандидаттарға қойылатын жалпы талап-
тар бұған дейін өткізілген іріктеудің та-
лаптары сияқты. Үміткерлердің жасы 35-
тен аспауы, жоғары білімінің, бес жылдан
кем емес еңбек өтілінің және қазақ тілін
менгеруі В1 деңгейінен төмен емес болуы
жөніндегі талаптар сақталады. Сонымен
қатар, кандидаттар резервке алты салалық
бағыт бойынша іріктеледі. Оның ішінде,
«әлеуметтік саясат, азаматтық қоғам»,
«инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамы-
ту және сауда саясаты», «экономикалық
және қаржылық саясат», «цифрландыру»,
«агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған
ортаны қорғау», «сыртқы саясат және ин-
вестициялар» бағыттары бойынша қара-
стырылады.

Айта кеткен жөн, іріктеудің барлық
кезеңдерінен өткен тұлғалар бес жыл
мерзімге резервке алынады. Бес жыл
ішінде резервке енген адамдар жұмысқа
орналасуы тиіс. Олардың кейбіреуі бір-
ден жоғары лауазымдарға ие бола алады.
Кейбіріне бастапқыда төмендеу, бірақ,
одан әрі өсудің нақты перспективасы бар
лауазым ұсынылуы мүмкін. Ұсынылған
қызметтерді құп ала ма, алмай ма, резерв-
тегі кадрлар өздері шешеді.

